

## Экологиялық заң бұзушылықтарды ескерту және жолын кесу бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасасу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2010 жылғы 12 ақпандағы № 12, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 27 қаңтардағы № 33, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2010 жылғы 27 қаңтардағы № 15-Ө, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 28, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 02 ақпандағы № 58, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 02 ақпандағы № 65 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 24 ақпандағы № 83 бірлескен бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 506, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 5 қыркүйектегі № 378, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2017 жылғы 21 тамыздағы № 85, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 3 тамыздағы № 473, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 2 тамыздағы № 577 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 шілдедегі № 260 бірлескен бұйрығымен.

---

*Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.07.2017 № 506, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.09.2017 № 378, ҚР Бас прокурорының 21.08.2017 № 85, ҚР Қаржы министрінің 03.08.2017 № 473, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 02.08.2017 № 577 және ҚР Энергетика министрінің 28.07.2017 № 260 бірлескен бұйрығымен.*

Экологиялық заң бұзушылықтарды ескерту және жолын кесу бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасасуының тиімділігін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ**:

1. Қоса беріліп отырған Экологиялық заң бұзушылықтарды ескерту және жолын кесу бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасасу ережесі бекітілсін.

2. Астана, Алматы қалаларының, облыстардың, көлік

прокурорлары, ішкі істер, экология, төтенше жағдайлар, кедендік бақылау департаменттерінің бастықтары, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті департаменттерінің директорлары, облыстық аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы инспекцияларының, су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі өңірлік бассейндік инспекцияларының, облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекцияларының, облыстардың әкімдіктері жанындағы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармаларының бастықтары:

1) осы бұйрықтың талаптарын төмен тұрған бөліністер қызметкерлерінің назарына жеткізсін және оның орындалуын қамтамасыз етсін;

2) тоқсан сайын экологиялық заң бұзушылықтар фактілері, оларды есепке алу, тіркеу және қабылданған процессуалдық шешімдер туралы өзара ақпарат алмасуды жүргізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас прокурорының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің тиісті орынбасарларына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының	Қазақстан Республикасының
Бас прокуроры	Ішкі істер министрі

Қ.Мәми	С.Баймағанбетов
Қазақстан Республикасының	Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі	Қоршаған ортаны қорғау министрі

Ж.Досқалиев	Әшімов
Қазақстан Республикасының	Қазақстан Республикасының

Н.

Ауыл шаруашылығы  
министрі

Төтенше жағдайлар  
министрі

---

А.Күрішбаев

---

В.Божко

Қазақстан  
Республикасының  
Қаржы министрі

---

Б.Жәмішев

Қазақстан  
Республикасы  
Бас  
прокурорының  
2010 жылғы 12  
ақпандағы №  
12

Қазақстан  
Республикасы  
Ішкі істер  
министрінің  
2010 жылғы 27  
қаңтардағы №  
33

Қазақстан  
Республикасы  
Қоршаған  
ортаны қорғау  
министрінің  
2010 жылғы 27  
қаңтардағы №  
15-Ө

Қазақстан  
Республикасы  
Төтенше  
жағдайлар  
министрінің  
2010 жылғы 29  
қаңтардағы №  
28

Қазақстан  
Республикасы  
Денсаулық  
сақтау

министрінің  
2010 жылғы 02  
ақпандағы №  
58

Қазақстан  
Республикасы  
Ауыл  
шаруашылығы  
министрінің  
2010 жылғы 02  
ақпандағы №  
65

Қазақстан  
Республикасы  
Қаржы  
министрінің  
2010 жылғы 24  
ақпандағы №  
83

Бірлескен  
бұйрығымен  
бекітілген

## Экологиялық заң бұзушылықтарды ескерту және жолын кесу бойынша

### Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасасу ережесі

#### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, Қазақстан Республикасының Орман кодексіне, Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының Су кодексіне, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексіне, Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексіне, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Жануарлар әлемін күзету,

өндіру және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Ерекше күзетілетін табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Өсімдіктердің карантині туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және экологиялық заң бұзушылықтардың жолын кесу бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасасуының мақсаттарын, қағидаттарын, негізгі бағыттарын, ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау;

2) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

3) экологиялық заң бұзушылықтарды ескерту және жолын кесу;

4) экологиялық заң бұзушылықтарға қарсы күресте бірлескен іс-шаралардың тиімділігін қамтамасыз ету;

5) экологиялық заң бұзушылықтарды, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқыққа қарсы басқа да іс-әрекеттерді ескерту және жолын кесу бойынша ұйымдастырушылық және практикалық шараларды жүзеге асыруда келісімділікке қол жеткізу мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасасуының мақсаттары болып табылады.

3. Экологиялық заң бұзушылықтарды ескерту және жолын кесу бойынша өзара іс-қимыл жасасу барлық құрылымдық деңгейлерде ұйымдастырылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған мемлекеттік органдардың құзыреті мен өкілеттіктері шегінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік органдар экологиялық заң бұзушылықтарды ескерту және жолын кесу бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) заңдылықты қатаң сақтау;

2) барлық деңгейлерде өзара іс-қимылдың үзіліссіздігі;

3) қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды сақтау ісінде анағұрлым маңызды мәселелерді шешуге бірлескен

күш-жігерді жұмылдыру;

4) бірлескен іс-шараларды іске асыруда жеделдік пен жауаптылық.

5. Көрсетілген өзара іс-қимыл жасасуға:

1) жүзеге асырылуы жоспарланған кезеңде алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін іс-шараларды бірлесіп жоспарлау;

2) бірлескен профилактикалық және рейдтік іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру кезіндегі келісімділік;

3) өзара ақпарат алмасуды ұйымдастыру және ұдайы ұстап тұру;

4) бірлескен іс-шаралар жоспарының уақтылы және сапалы орындалуын бақылау арқылы қол жеткізіледі.

## 2. Мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру тәртібі

### § Өзара іс-қимыл жасасудың негізгі бағыттары

6. Мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасасуының негізгі бағыттары:

1) экологиялық заң бұзушылықтарды ескертуге, анықтауға және жолын кесуге бағытталған бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2) экологиялық заң бұзушылық фактілері туралы өзара ақпараттандыру;

3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ экологиялық заң бұзушылықтар бойынша құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

4) өзара іс-қимыл жасасатын органдардың жекелеген міндеттері мен функцияларын өзара көмек тәртібімен келісілген түрде орындау;

5) экологиялық заңнаманы және халықтың денсаулығын бұзу салдарынан қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына келтірілген зиянды бағалау туралы қорытындыларды бірлесіп дайындау;

6) экологиялық заң бұзушылықтарға қарсы күрес, қоршаған ортаны қорғау және биологиялық әртүрлілікті сақтау саласындағы халықаралық

ынтымақтастық

7) бірлескен қызмет мәселелері бойынша ведомствоаралық комиссияның, алқа отырыстарын, бірлескен кеңестер, жұмыс кездесулерін, семинарлар, сабақтар ұйымдастыру және өткізу;

8) меншік нысанына қарамастан, ұйымдарға,

кәсіпорындар мен шаруашылық жүргізуші субъектілерге экологиялық заңнаманың талаптарын сақтау мәніне бірлескен тексерулерге қатысу;

9) құқық қорғау және сот органдарында экологиялық қылмыстар мен әкімшілік іс құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық және әкімшілік өндіріс материалдарының қозғалысын бақылау;

10) бірлескен қызмет мәселелері бойынша бірлескен бұйрықтар, жоспарлар, нұсқаулықтар, әдістемелік ұсынымдар шығару;

11) нақты міндеттерді шешу және аумақтық органдарға практикалық көмек көрсету үшін бірлескен жедел (жұмыс) топтарын құру;

12) бұқаралық ақпарат құралдарында экологиялық заң бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі қабылданып жатқан бірлескен шараларды жариялау болып табылады.

7. Мемлекеттік органдар арасында өзара ақпарат алмасу мынадай бағыттар бойынша:

1) экологиялық заңнаманы бұзу және экологиялық заң бұзушылық фактілері туралы;

2) қоршаған ортаны ластау туралы;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы экологиялық қауіпті технологиялардың, заттар мен материалдардың орын ауыстыруы туралы;

4) Қазақстан Республикасына әкелінетін және одан тыс жерлерге әкетілетін жабайы жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің, олардың бөліктері мен дериваттарының, оның ішінде сирек кездесетін және жоғалып кету қаупі бар санаттарға жатқызылғандардың көлемі мен саны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы олардың контрабандалық орын ауыстыруы туралы;

5) Қазақстан Республикасының аумағында және шектес аумақтарда экологиялық, эпизоотиялық және эпидемиологиялық жағдайға байланысты енгізілген тыйымдар туралы;

6) еліміздегі қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ қоршаған ортаға, халықтың денсаулығына, эпидемия мен эпизоотияның туындауына әкеп соғатын, экологиялық ахуалдың нашарлауына қауіп төндіретін жекелеген объектілер, өндірістер мен учаскелер туралы;

7) рұқсаттар және лицензияларды беру тәртібіндегі өзгерістер, бланкілердің нысандары, табиғатты пайдалану құжаттарын ресімдеу мерзімдері туралы;

8) өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша әзірленіп жатқан және қабылданған ведомстволық

нормативтік актілер, ақпараттық-анықтамалық және оқу-әдістемелік материалдар туралы;

9) экологиялық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық және әкімшілік практиканың жай-күйі туралы;

10) өсімдіктер және жануарлар әлемнің биологиялық әртүрлілігінің және оны қорғауды ұйымдастырудың жай-күйі туралы;

11) бірлескен қызметтің өзге де бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

### **§ Материалдарды беру және қарау**

8. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды күзету, өндіру және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік органдар) Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 118-бабына сәйкес қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттердің белгілері бар заң бұзушылықтар фактілері туралы құқық қорғау органдарына уақтылы хабарлауға міндетті.

9. Қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттердің белгілері бар экологиялық заң бұзушылық фактілері туралы арыздар немесе хабарламалар (Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі 180-бабының талаптары тәртібімен) міндетті түрде растайтын құжаттарды қоса отырып, үш тәуліктен кешіктірілмейтін мерзімде құқық қорғау органдарына жазбаша түрде жіберілуі тиіс.

10. Құқық қорғау органдары жасалған немесе дайындалып жатқан кез келген экологиялық заң бұзушылық туралы арызды, хабарламаны және өзге де ақпаратты дереу қабылдауға, тіркеуге және қарауға (Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі 183 және 184-баптарының, "Қылмыстар, оқиғалар туралы арыздарды, хабарламаларды, шағымдар мен өзге де ақпаратты қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау туралы" Нұсқаулықты бекіту және қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2003 жылғы 10 ақпандағы № 6 бұйрығының талаптарының тәртібімен) міндетті. Бір уақытта арыз иесіне шешімге шағымдану құқығын түсіндіре отырып, оған қабылданған шешім туралы хабарлауы тиіс.

11. Қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттердің белгілері бар экологиялық заң бұзушылық туралы арызды, хабарламаны немесе өзге ақпаратты қабылдаудан негізсіз



бас тартылуына прокурорға немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіпте сотқа шағымдануға болады.

12. Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қабылданған процессуалдық шешім туралы құқық қорғау органдарының хабарламасын алғаннан кейін уәкілетті мемлекеттік органдар әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдар бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен кінәлі адамдарды әкімшілік жауапкершілікке тарту бойынша уақтылы шаралар қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті.

13. Уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметкерлері қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері бар заңсыз аң аулау, су жануарларын заңсыз аулау, ағаштар мен бұталарды заңсыз шабу фактілері анықталған жағдайда, заңсыз алынған биологиялық ресурстардың объектілері бар көлік және жүзу құралдары ұсталған жағдайда дереу (заң бұзушылар анықталған, ұсталған сәттен бастап) жақын орналасқан ішкі істер органына хабарлауы тиіс. Оқиға орнына жедел-тергеу тобы немесе ішкі істер органдарының қызметкерлері келгенге дейін заң бұзушылардан немесе оқиға орнынан алынған құқық бұзушылық жасау құралдары болып табылатын заттардың, сондай-ақ басқа да заттай дәлелдемелердің сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Қажет болған жағдайда заң бұзушыларды анықтауға және ұстауға, сондай-ақ құқық бұзушылық жасалған жерді қарауға қатысуы, жануарларды немесе өсімдіктердің түрі бойынша тиесілігін айқындау үшін маманның қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

14. Ішкі істер органына уақтылы хабарлау мүмкіндігі болмаған жағдайда (бару қиын немесе қашық жерде болу, хабарлау, байланыс құралдары болмаған жағдайда) уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметкерлері ұсталған заң бұзушыларды құқық бұзушылық жасау құралдары болып табылатын алынған заттармен және басқа да заттай дәлелдемелермен бірге жақын орналасқан ішкі істер органына жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

15. Егер заттарды рабайсыз үлкен болуына (көлік құралдары, ағаш) немесе өзге де себептерге байланысты ішкі істер органына жеткізу мүмкін болмаса, олар қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жауапты сақталуға белгіленуі, фотосуретке немесе бейнетүсірілімге түсірілуі және мүмкіндігінше мөрленуі тиіс. Мұндай заттардың қайда екені туралы материалдарға

тиісті анықтама тігілуі керек.

16. Алынған аңшылық атыс қаруы, суық қару, жарылғыш заттар дереу ішкі істер органдарына тапсырылуы тиіс.